

## **Агроөнеркәсіп кешенін басқару жөніндегі Республикалық жоғары мектебін тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1 тамыз 1994 ж. N 857

Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі мемлекеттік оқу орындары желілерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешенін басқару жөніндегі Республикалық жоғары мектебі таратылсын.
2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі сала басқармасы құрылымын жетілдіру барысында агроөнеркәсіп кешенінде нарықтық қатынастарды қалыптастыруды ескере отырып, барлық деңгейдегі кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесін жетілдіруді көздейтін болсын.
3. "Агроөнеркәсіп кешені жүйесінің басшы кадрлары мен

мамандарының біліктілігін арттыруды одан әрі жетілдіру туралы" КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 3 қаңтардағы N 4 қаулысын жүзеге асыру туралы" /Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., N 12 33-бап/ Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 26 сәуірдегі N 150 қаулысының 3, 5 және 7 тармақтары күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі